

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті
“Ауылшаруашылық ғылымдары” жоғары мектебі
“Су ресурстары, жерді пайдалану және агротехника” кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Өртке қарсы су құбыры

Тобы: АП-14-4к2

Орындаған: Қошан Ж.Ж

Қабылдаған: Байжанова А.

Шымкент 2016 жыл

Кіріспе

Өрт– бұл адамның өмірі мен денсаулығына, қоғам мен мемлекетке зиянын тигізетін, қоршаған ортаға үлкен материалдық зақым келтіретін, қоршаған ортадағы заттардың бақылаусыз жануы.

Ең күрделі, зиян тигізетін өрттер өртке қауіпті объектілерде және басқа да зақымдау факторлары (жарылыс, улы заттардың жиналуы т. б.) бар объектілерде болады. Сонымен бірге, адамдар көп шоғырланған жерлерде де өрт шығу қаупі бар.

Өрт сөндіру құралдары 2-ге бөлінеді:

қол көмегімен жұмыс істейтін құралдар (құм салынған жәшіктер, асбест жабындары, өртке қарсы құрал-саймандары бар тақталар; химиялық көпіршікті от сөндіргіштер; ұнтақты отсөндіргіштер; көміроттекті отсөндіргіштер; хладонды отсөндіргіштер; құрама отсөндіргіштер);

өртке қарсы жүйелер (сумен жабдықтау жүйелері; көпіршікті генераторлар; автоматты сигнал беру құралдарын қолдану арқылы автоматты өрт сөндіру жүйелері).

Кез келген объектілерді эксплуатациялауды (туристік фирмаларды, қонақ үйлерді, демалыс базаларын) бекітілген нормативті құжаттар талаптарына сай қатаң түрде жүзеге асыру қажет.

Барлық қоғамдық және өндірістік ғимараттарда нақты көрсетілген кедергісіз тез шығуға кепіл беретін апатты жағдайларда шығатын жерлер болуы тиіс. Есіктер іш жағынан ашылуы керек. Бұл жерлерде кедергі келтіретін бөгде заттар мен отқа жанғын материалдар болмауы керек. Бұдан басқа да құтқару жолдары қарастырылуы жөн (мысалы, сыртқа шығатын сатылар мен шатырға шығатын жерлер). Өрт кезінде ешқашан лифтті қолдануға болмайды.




Өрт сөндіру жүйесі

Өрт сөндіру жүйесі — сорғы станциясындағы өртті дер кезінде байқау және оны сумен немесе баска да әдістермен (газ, көбік, құм, киз және т.б.) сөндіруге арналған құрылғылар кешені.

Егер ғимарат көлемі 2000 м³-дан артық болмаса, онда кіші және орта сорғы станциялары сыртқы өртке қарсы сумен жабдықтау жүйесінің құрылыс нормалары мен қағидалары бойынша қарастырылмайды. Сонымен қатар өрт сөндіретін су өтімі 10 л/сек-тан төмен болса, үлкен сорғы станцияларында суға толтырылған резервуалар немесе өртке қарсы тұрақты су құбыр желілері қарастырылады.

Ғимарат көлемі 50 мың текше метрге дейін, ал қоршауы I және II дәрежедегі отқа төзімді және өндіріс категориясының өрт қауіптілігі Г, Д және Е-ден жоғары болмаған жағдайда өртке қарсы сумен жабдықтау жүйесіндегі су өтімі 10 л/сек-ке дейін жетеді. (Г — жабық тарату қарылғысы, май толтырылған аппаратура, сыйымдылығы 60 кг-нан аспайды; Д — май машиналары залы; Е — аккумулятор және қышқыл сақталынатын бөлме). Егер I және II дәрежеде отқа төзімділік кез келген көлемде, өндіріс категориясы Г және Д, I—IV дәрежеде отқа төзімділік көлемі 5000 текшеметрден төмен болса, онда сорғы станциясы ғимараттарында ішкі өртке қарсы су құбыры желісі құрылыс карталары мен қағидалары бойынша қарастырылмайды. Сорғы станция ғимараты, қоршау категориясы А, Б, В, (кабельді бөлме және жабық тарату құрылғысы толтырылған аппаратура, май көлемі 60 кг-ға дейін), ғимарат көлемі 0,5—5000 м³ және су өтімі 5 л/сек.; ғимарат көлемі 5000—50000 м³ болса, онда әрқайсысының су өтімі 2,5 л/сек. келетін екі ағынша қарастырылады




Өртке қарсы сумен жабдықтау

Өртке қарсы сумен жабдықтау құралы - ол өрттерді сөндіру үшін әр түрлі тұтынушылардың сумен қамтамасыз ету бойынша жиынтық іс- шарасы. Өрт ісінде ең негізгі проблема - бұл өртке қарсы сумен жабдықтау құралы. Қаланың және өндірістік кәсіпорындардың жағдайларын өркендету барысында, өртке қарсы қорғау жүйелеріне мән беру қажет, өйткені олардың жобаларында, құрылыстарында, суды өткізу реконструкциясында тек қана шаруашылық, өндірістік жағдайларды қамтамасыз ету ғана емес, онда өртке қарсы жағдайларды қарастыру туралы да байқалған. Өртке қарсы ең негізгі талаптар, өрт сөндіру кезінде судың нормативті көлемі арқылы түсетін арнайы қысымын қажеттілік етеді.

Қалада өрттерді сөндіру мақсатында суды арнайы су құбыры желісінде орналасқан өрт гидранттарынан, өрт сөндіру автокөліктері арқылы қамтамасыз етеді.

«Азаматтық қорғаныс туралы» заңының 5 тармақтың 1 тармақшасына сай, жаппай адамдардың жиналу орындарында барлық жерлерде өрт гидранттары құрылуы емес



Ақаусыз өртке қарсы сумен жабдықтау — тиімді өрт сөндірудің кепілдігі



Өртке қарсы табиғи және жасанды сумен жабдықтау көздері (оның ішінде өртке қарсы су құбыры, өрт сөндіру су қоймалары, өрт сөндіру мақсатына арналған суды сақтау сыйымдылықтары), сондай-ақ суды жинау үшін оларға кіре берістер үнемі ақаусыз күйде ұсталуға тиіс. Өртке қарсы су құбыры желілерінің, өрт сөндіру гидранттары мен өрт сөндіру крандарының, тиісінше, жылына екі реттен кем болмай су жібергіштігі мен жұмыс қабілеттілігі тексерілуге тиіс (көктемде және күзде). Өртке қарсы ішкі су құбырының өрт сөндіру крандары 1,35 м биіктікте орнатылып, түтік құбырлар мен ұңғымалар жиынтықталып және пломбаланатын өрт сөндіру шкафтарына жабылып қойылуы керек. Өрт сөндіру крандарының жұмысқа қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында, 6 айда бір реттен кем болмай оларды тексеру жүргізілуге, су жіберу және түтік құбырларды жаңадан ширату іске асырылуға тиіс.

Қорытынды

Өртке қарсы сумен жабдықтаудың міндеттері



Су құбыры желісі учаскелері сөніп қалған, гидранттар бұзылған немесе желіде қысым қажеттіден төмен болып азайған кезде, су арнасының (елді мекендердің су құбыры желілері бойынша) диспетчері немесе өртке қарсы сумен жабдықтау үшін жауапты тиісті ұйымның (ұйымның немесе кәсіпорынның су құбыры желілері бойынша) жауапты тұлғасы бұл туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық органына хабарлауға тиіс.

Өртке қарсы сумен қамту көздерінің (оның ішінде өрт сөндіру гидранттарын, өрт сөндіру су қоймаларын), өрт сөндіру машиналарын орнатуға арналған пирстардың болу орындарын, өрт сөндіру машиналарын ғимараттар мен құрылымдардың өрт сөндіретін құрғақ құбырларына қосу орындары, сондай-ақ қозғалысты олардың болатын жерлеріне бағыттау «Өндірістік объектілердегі сигналдық түстерге, қауіпсіздік таңбалары мен белгілеріне қойылатын талаптар» атты Техникалық регламент талаптарына сәйкес өрт қауіпсіздігі белгілерімен белгіленген болуға тиіс.

Су өлшегіш құрылғылардың суландыру желілерінде орнатылған электржетек болатын ысырмалар жылына екі реттен кем болмай, ал өрт сөндіру сорғылары — ай сайын тексерілуі қажет.

Шаруашылық және өндірістік қажеттіктер үшін, өрт сөндіру мақсаттары үшін қолданылатын су қорын пайдалануға тыйым салынады.



Пайдаланылған әдебиеттер

- 1) Экология және табиғат қорғау-А.Қ.Құсайынов. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2002 жыл
- 2) Су шарушылығы. – Алматы, «Мектеп» баспасы, 2002 жыл.
- 3) Тіршілік қауіпсіздік негіздері.- Алматы , 2004 жыл
- 4) ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі

